

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы алуға және әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш білдірген адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу жөніндегі учаскелік комиссиялар туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2013 жылғы 29 қарашадағы № 382 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 25 желтоқсанда № 3718 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2019 жылғы 4 шілдедегі № 260 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық әкімдігінің 04.07.2019 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңы 5-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы алуға және әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш білдірген адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу жөніндегі учаскелік комиссиялар туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Қ.Нұрқатоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"*

Облыстық мәслихаттың хатшысы

А.Мұхамбетов

С.Қалдығұлова

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2013 жылғы 29 қарашадағы
№ 382 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы алуға және әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш берген адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу жөніндегі учаскелік комиссиялар туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы алуға және әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш білдірген адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу жөніндегі учаскелік комиссиялар туралы Ереже Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі № 246 "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы", 2005 жылғы 28 маусымдағы № 63 "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы", 2015 жылғы 5 мамырдағы № 319 "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" бұйрықтарына, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 29-ө "Учаскелік комиссиялар туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Бұйрығына сәйкес әзірленді және учаскелік комиссиялардың мәртебесі мен өкілеттігін айқындайды.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облысының әкімдігінің 31.12.2015 № 489 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Уәкілетті орган – республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – атаулы әлеуметтік көмек), 18 жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі - балаларға арналған жәрдемақы) тағайындауды және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы.

3. Учаскелік комиссия – атаулы әлеуметтік көмек, балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы алуға, Қағидаларына сәйкес әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш білдірген адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімімен құрылатын арнайы комиссия.

4. Учаскілік комиссиялар (бұдан әрі – Комиссиялар) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады. Комиссиялар өз жұмысын ашықтық, жариялық, алқалық және әділдік қағидаттарымен ұйымдастырады.

5. Комиссиялар өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Заңдарын, Қазақстан Республикасының Президентінің және Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссиялардың міндеттері мен функциялары

6. Комиссиялардың негізгі міндеті аудандық, қалалық уәкілетті органға, ал ауылдық жерлерде – кент, ауыл, ауылдық округ әкімдеріне халыққа атаулы әлеуметтік көмек, балаларға арналған жәрдемақы және аудандық, қалалық мәслихаттарымен бекітетін әлеуметтік көмек көрсетудің Қағидаларына сәйкес көрсетілетін әлеуметтік көмек көрсету, олардың атаулылығын арттыру жөніндегі қызметіне жәрдемдесу болып табылады.

7. Комиссияның негізгі функцияларына:

1) атаулы әлеуметтік көмек, балаларға арналған жәрдемақы тағайындауға және Қағидаларға сәйкес көрсетілетін әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу (бұдан әрі – тексеру);

2) қажетіне қарай тексеру жүргізу үшін қажетті жетіспейтін мәліметтерді алу үшін тиісті органдарға сұрату жіберу;

3) атаулы әлеуметтік көмек, балаларға арналған жәрдемақы тағайындауға немесе Қағидаларға сәйкес көрсетілетін әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамның (бұдан әрі – өтініш беруші) материалдық жағдайын тексеру актісін жасау;

4) ұсынылған құжаттардың немесе тексеру нәтижелерінің негізінде атаулы әлеуметтік көмек, балаларға арналған жәрдемақы немесе Қағидаларға сәйкес көрсетілетін әлеуметтік көмек берудің қажеттілігі немесе қажеттіліктің жоқтығы туралы қорытынды дайындау жатады.

3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

8. Комиссия өз қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады.

9. Аудандық, қалалық уәкілетті орган, ал ауылды жерлерде – кент, ауыл, ауылдық округтың әкімі учаскелік комиссияның қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар (отырыс өткізуге арналған жеке бөлме беру, нормативтік құқықтық актілермен, техникалық құралдармен қамтамасыз ету) жасайды.

10. Комиссияның құрамына жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, кооперативтердің, үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері, халықтың, ұйымдардың және білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау уәкілетті органдарының өкілдерінен, құқық қорғау органдарының қызметкерлері кіреді.

Комиссия төрағадан, хатшыдан және комиссия мүшелерінен тұрады. Комиссияның жалпы саны бес адамнан кем болмауы тиіс.

11. Төраға Комиссияның жұмысын ұйымдастырады және Комиссияға осы Ережеде жүктелген міндеттер мен функциялардың уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.

12. Комиссия отырысының өткізілетін күні мен орны туралы өтініш берушіні хабардар етуді, отырыстың күн тәртібі бойынша ұсыныстар даярлауды, Комиссия отырысына қажетті құжаттар, материалдар мен оны өткізгеннен кейін хаттаманы рәсімдеуді комиссияның хатшысы жүзеге асырады.

13. Өтініш беруші Комиссияның отырысына қатыса алады.

14. Комиссия:

уәкілетті органнан немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күн ішінде ұсынылған құжаттар және (немесе) атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер өтініш берушінің материалдық жағдайын тексерудің нәтижелері негізінде осы Ережедегі 1, 2 - қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша қорытынды дайындайды және оны уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне береді;

құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күн ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Ережедегі 1, 2 - қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш білдірген адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акт жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтың әкіміне жібереді;

Ескерту. 14 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облысының әкімдігінің 31.12.2015 № 489 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15. Комиссиялардың отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

16. Комиссияның шешімдері оның құрамы жалпы санының үштен екісі болған кезде заңды болады.

17. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және комиссия мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының даусы шешуші болып саналады.

18. Комиссияның қабылдаған шешімі қорытынды түрінде ресімделеді, өтініш беруші онымен танысып, қол қояды.

19. Өтініш беруші Комиссияның қорытындысына уәкілетті органға, сондай-ақ сот тәртібімен шағымдануына болады.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмек, он сегіз жасқа дейінгі
балаларға арналған мемлекеттік
жәрдемақы алуға және
әлеуметтік көмек көрсетуге
өтініш берген адамның
(отбасының) материалдық
жағдайына тексеру жүргізу
жөніндегі учаскелік комиссиялар
туралы Ережеге 1- қосымша

Өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру АКТІСІ

20 __ ж . " __ " _____

(елді мекен)

1. Өтініш берушінің Т.А.Ә. _____

2. Тұратын мекен-жайы _____

3. Өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген туындаған өмірлік қиын жағдай _____

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) _____ адам, оның ішінде:

№	Т.А.Ә	Туған күні	Өтініш берушіге туыстық қатысы	Білімі	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оқу орны)	Өзін-өз жұмыспен қамтуы

кестенің жалғасы

Жұмыс пен қамтылмауының себебі	Жұмыс пен қамту орган дарында жұмыссыз ретінде тіркелуі туралы деректер	Қоғамдық жұмыстарға, кәсіптік даярлауға (қайта даярлауға, біліктігін арттыруға) немесе жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер	Өмірлік қиын жағдай

Барлық еңбекке қабілеттілері _____ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері _____ адам.

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңның 2-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген себептер бойынша жұмыспен қамтылмағандары _____ адам.

Жұмыспен қамтылмаудың басқа да себептері (іздеуде, бас бостандығынан айыру орындарында) _____ адам.

Кәмілетке толмаған балалардың саны _____ адам, оның ішінде:
толықтай мемлекеттік қамсыздандырудағы оқитындар _____ адам;
жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар _____ адам,
жылына оқу құны _____ теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің, Ұлы Отан соғысына қатысушыларына және Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілгендердің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары (қатерлі ісіктер, туберкулез, адамның иммунитет тапшылығы вирусы) бар адамдардың, мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы (*көрсету немесе өзге санатты қосу керек*) _____

5. Өмір сүру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзге де - көрсету керек) _____

Бөлме саны _____

Тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстар _____

Отбасының табысы:

№	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің) Т.А.Ә.	Табыс түрі	Өткен тоқсандағы табыс сомасы (теңге)		Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы учаске, малы және құсы), саяжай және жер учаскесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
			бір айда	бір тоқсанда	

6. Мыналардың:

автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны

пайдаланғаннан түсетін табыс)

қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге де тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түсетін табыс) _____

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі)

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

9. Ата-аналардың балалар тәрбиесіне қатысуы:

мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілу _____

10. Тұратын санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы _____

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

(қолы) (Т.А.Ә.)

Жасалған актімен таныстым:

Өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы

Тексеру жүргізуден бас тартамын _____ Т.А.Ә. және өтініш берушінің (немесе отбасының мүшелерінің бірінің) қолы, күні

(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмек, он сегіз жасқа дейінгі
балаларға арналған
мемлекеттік жәрдемақы алуға
және әлеуметтік көмек
көрсетуге өтініш берген
адамның (отбасының)

Учаскелік комиссияның № _____ қорытындысы

20__ ж. ____

Учаскелік комиссия Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңының 5-бабына, Қазақстан Республикасының "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысының 3-бабына сәйкес отбасының (өтініш берушінің)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

өтініш және оған қоса берілген құжаттарды қарап,

_____ (ұсынылған құжаттар және (немесе) өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің)

негізінде отбасына (тұлғаға) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы алуға және өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек берудің _____ туралы

_____ (қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы)

қорытынды шығарады.

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: _____

_____ (қолы) (Т.А.Ә.)

_____ дана қоса берілген құжаттармен қорытынды

20__ ж. " __ " _____ қабылданды

Құжаттарды қабылдаған кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің немесе уәкілетті орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы _____

